

## **Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 29-8 шешімі.

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабының 1 тармағына сәйкес, Батыс Қазақстан облыстық мәслихат

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облыстық мәслихат аппаратының басшысы С. Сұлтановқа жүктелсін.

*Сессия төрағасы  
Облыстық мәслихат  
хатшысы*

*С. Сүлеймен  
М. Құлшар*

Батыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2015 жылғы желтоқсан № 29-8  
шешіміне қосымша

## **Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы "Батыс Қазақстан облысы бойынша 2014 жылғы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" № 14-4 шешімі (2013 жылғы 25 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3377 нөмірмен ҚР Әділет Министірлігі БҚО Әділет департаментінде тіркелген, "Орал өңірі" газетінің 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 157 жарияланған).

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы "Батыс Қазақстан облысы бойынша 2014 жылғы әлеуметтік маңызы бар ауылдық және ауданішілік қатынастардың тізбесін айқындау туралы" № 18-7 (2014 жылғы 17 шілдеде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3587 нөмірмен ҚР Әділет Министірлігі БҚО Әділет департаментінде тіркелген, "Орал өңірі" газетінің 2014 жылғы 22 шілдеде № 81 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК